

Ұлы Отан соғысының батырлары



«ЖАЗУШЫ»



Жеңіс Қашқынов

9 (47) - 27 (092)

К 52

**ҚАЗЫБЕК
НҰРЖАНОВ**

Очерк

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,
АЛМАТЫ — 1972

30584. 6) (092)

7-6-3



255-72

9(C)27+9Каз27(002)

К52

БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Мұнда Совет Одағының Батыры Қазыбек Нұржановтың өскен ортасы, балалық, жастық шағы, Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлік өмірі баяндалады.



Женис Қашқынов

КАЗЫБЕК НУРЖАНОВ

О черк

(на казахском языке)

Издательство «Жазушы» — 1972

Редактор *Х. Талғаров*. Художник *И. Криушин*. Худ. редактор *А. Рахманов*.
Техн. редактор *К. Зауренбайұлы*. Корректор *К. Утегенова*.

Сдано в набор 13/ХІІ-71 г. Изд. № 98. Подписано к печати 16/ІІ-72 г. УГ01423.

Бум. тип. № 2. 70×108^{1/32}=0,75 п. л.=1,05 усл. п. л. (Уч.-изд. 0,93 л.).

Тираж 12000 экз. Цена 3 коп.

Заказ № 6505. Типография № 18 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Утепова, 23.

Өткен жылдың жазы. Жексенбі күні болатын. Ақтоғай ауданының орталығындағы Қазыбек Нұржанов атындағы көшенің бойымен серуендеп келе жатқан біздерге бейтаныс адам жолықты. Ол амандық-саулық сұрап болғаннан кейін:

— Менің бір сауалыма жауап бермес пе екенсіздер? Сіздердің аудандарыңызға командировкаға келіп едім. Бұл жердің сырына онша қанық емеспін. Осы Нұржанов Қазыбек атындағы көшемен жүргенде: «Бұл адам кім болды екен?» деген сұрақ ойыма оралады да тұрады. Сол кісі жайлы білгім келеді,— деді.

— Бұл бір ұзақ шежіре. Оны айту үшін біраз уақыт керек,— деді біздің қасымыздағы жолдасымыз.— Білгініз келеді екен, бәрібір серуендеп жүрміз ғой, «Шатырша» бөктеріне шығып, Қазыбек жайлы кеңірек отырып әңгіме етейік.

Біздер де бұл ұсынысқа қарсы болғанымыз жоқ. Ал, серігіміз болса, өз әңгімесін «Шатырша» тауына жетпей-ақ бастап кетті.

* * *

... Елуінші жылдардың аяқ кезі еді. Біздің ауыл Тоқырауын өзенінің жағасына орналасқан Киров атында-

ғы колхозды мекен ететін. Қолхозымыз шағын болған соң ба, бала-шағасынан бастап, еңкейген кәрісіне шейін бірін-бірі өте жақсы білетін.

Жадырап жаз шығысымен күні бойғы тіршілік қарекеттен кейін ауыл ақсақалдары есік алдындағы көгалға шығып, малдастарын құрып отырып алып, әңгіме-дүкен құратын. Ләпи сияқты ақсақалдар бұрынғы замандағы батырлар жайлы қиссаны жатқа айтса, енді бірі қазіргі дәуірдегі тұрмыстың жақсарып, елдің өркені өсіп, молшылық орнай бастағанын сөз ететін. Ал, әңгіменің желісі соғыс тақырыбына ауысқанда бәрі де тұнжырап, үнсіз отырып қалатын. Өйткені соғыс салған ауыртпалық пен жанға түскен жара әлі де болса көпшілігінің көңілдерінен кете қоймаған еді. Әсіресе, Нұржан ақсақал қатты күрсініп:

— Соғыс еске түссе, тұла бойым мұздап, тітіркеніп кетемін. Жүрегіме ине шаншылғандай болады,— деп кейіп сөйлейтін.

Нұржекеңнің көңіл-күйі мен сырына қанық қариялар:

— Өйтіп жүн-жұрғаң түспесін. Қазыбекті жаманшылыққа жорыма. Балаңнан әлі де хабар келіп қалар. Осы газеттер із-түзсіз жоғалып кетті дегендердің өздерін табылды деп жазып жатқаны жайлы балаларымыз оқып беріп жүр. Сол сияқты Қазыбек туралы да бір күні жазылуы мүмкін. Өмір бойы аты шықпай, өшіп кетуі тиісті емес,— деп басу айтып, үміттендіріп қоятын.

Мұндайда:

— Әрине, бір хабары білінуі керек қой, бірақ соғыс аяқталғалы он-он бес жылдай болып қалса да әлі күнге шейін Қазыбегім жайлы еш сыбыстың шықпауы мені кей кездері жаман ойға итермелейді,— дейтін екі иығы салбырап, үн-түнсіз отырып қалып.

— Жаман хабар қашан да ұзақ жатпайды. Қазыбек ел намысын, ер намысын бермейтін қайсар да, қайратты жігіт екенін осы отырғандарымыз өз көзімізбен көр-

гендерміз. Сондықтан оның жасықтық жасауға ары бармайды. Сен өйтіп уайымға салына берсең, тез қартайып, мыжырайып, шөгіп кетесің. Үміт жібін үзбе,— деп құрдастары әңгіме аяғын әзілге айналдыруға тырысатын.

— Әлі есімде,— дейтін әңгіме өзегін басқа жаққа бұрып Нұржекеңнің құрдасы Ләпи ақсақал,— ана жылы осы ауылда ешкімге бас бермеген кер құнанды сол Қазыбек еді ғой үйреткен.

— Иә, сол болатын. Жұрттың бәрі бастапқыда қорықса да, артынан батылдығына сүйсінді емес пе?— деп жылқышы Қасым тандана коштады.

— Соны бұғалық салып ұстаудың өзі де оңайға түспеді. Алпамсадай бес-алты жігіт эзер дегенде ауыздықтағанда, үйретуге мінер ешкім табылмады. Ақыры Қазыбек үйретпекші болғанда: «Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған баланы асау құнанға мінгізуге болмайды»,— деп жұрттың көпшілігі қарсылық білдіргенде, Нұржеке, өзің рұқсат бергенің есінде ме? — деді Ләпи жылы жүзбен үн қатып.

— Неге есімде болмасын. Бәрі көкейімде сайрап тұр.

— Ал, Қазыбегің ерлік, батырлық жайлы жырларды жатқа айтқанда: «Бала Ләпи» деп осы Ләпи құрдасына ұқсатушы едік қой. «Ер Тарғын», «Қобыланды» жырларынан естіген үзінділерді неге ұмытайын,— дейтін жылқышы Қасым.

— Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Ерлердің ісі бітер ме?—

деп Махамбеттің өлеңін ерекше бір жалын, жігермен жатқа айтқанда мен ақын болар деп іштей қуана ойлайтынмын,— деп әңгімені сабақтай түсетін Ләпи ақсақал.

Ауылда жүргенде балалардың бәрі бірдей сияқты

көрінеді. Ал көзден таса болса, олардың ерекше бір қылығын, істеген ісін, мінезіндегі өзгешелікті еске аласыз. Сондай кезде оған деген ілтифатыңыз, сүйіспеншілігіңіз көбейеді.

— Бәріңіз де білетін шығарсыздар,— деп әңгімеге жылқышы Қасым тағы да араласты.— Қазыбек Қарқаралыдағы училищені бітіріп ауылға мұғалім болып келген. Осындағы мектепте көрші қыстақтағылар өз балаларын ортадан бөлінген ат-арбамен әкеліп жүрді ғой.

— Иә, білеміз,— деді қасындағылар жылқышының не айтпақшы болып отырғандығына ой жеткізе алмай.

— Бұрынғы жегіп жүрген аттары табылмай, сол балаларды әкелетін Жұмабек қарт көршісінің арбаға жаңа ғана үйретілген жиреніменен мектеп артындағы өзекке түсе бергенде алдынан ауыл иттері абалап шығады. Олардан секем алған ат көкке оқша атылып, беті ауған жаққа жөңкіп жөнеледі. Қарт қанша күш салып делбені тартқанмен ат бой бермейді. Арбада отырған он шақты бала үрпиісіп, қорыққандарынан бір-біріне тығылып, жұмылған жұдырықтай домаланып қалады.

Осы қолайсыз көріністі көргендер:

— Ойпыр-ай, мына арамқатқыр, балаларды жазым етпесе жарар еді,— деп жағаларын ұстайды.

Ел өстіп дабырласып, үрейленіп тұрғанда, қайдан шыққанын білмеймін Қазыбек әлгі ат-арбаға қарсы жүгірді.

Жұрттың:

— Асау ат қағып кетер, аулақ жүр,— дегеніне де құлақ аспай қасынан өте бергенде ауыздығына жармасты. Біраз жер өзін екпініменен сүйретсе де, ақыр аяғы атты аяңдатып барып ауыл сыртындағы жазықта тоқтатты. Сөйтіп, қарт пен оқушы балаларды аман алып қалды ғой.

— Ондай батылдығы да бар болатын,— деді басқалары сабырлы пішінде.

— Шіркін, Қазыбегім бір төбе де, басқа балаларым

бір төбе еді. Оның орыны бөлек-тін,— деп Нұржекең тәтті қиялға беріліп, баласының соғыстан бұрынғы қылықтарын ойына алатын.

— Майданға аттанған соң алғашқы жылдары хат-хабар алып тұрдық. Ал, соғыстың ортасынан кейін хабар-ошарсыз кетті. Басқаларға баласының қайтыс болғаны жайлы қара қағаздар да келіп жатты. Ал, біздің Қазыбектің өлі-тірісін де ести алмай, әбден діңкеміз құрыды ғой,— дейтін қабағы ашылмай.

Осы кезде бала болғандықтан ба, біздер бұл сөздерге онша мән бере қоймайтынбыз. Кейін өсе келе мектепке барып жүрген кезімізде Қазыбек жайлы кейбір мағлұматтарды еститін болдық. Сөйтсек ол соғыстың алдында Қарқаралы педагогтік училищесін бітіріп, осындағы біз оқып жүрген мектепке мұғалім болып келіпті. Біздің ағаларымыз бен апаларымыз сол кісіден оқыпты. 1939 жылы армия қатарына шақырылып, Хабаровск өлкесіне әскерлік міндетін атқаруға барады. Оны бітіріп, елге оралмақшы болып жүргенде соғыс басталады да сол жақтан яғни еліміздің шығысынан батысына келіп, Ұлы Отанын жаудан қорғауға майданға кірді. Бір-екі жылдай жазған хаттарын ағайын-туыстары үзбей алып тұрыпты. Содан кейін Қазыбек хабар-ошарсыз кетеді.

Нұржекең ақсақалға осы жағы қатты бататынын есейе келе білдік.

* * *

Алпысыншы жылдардың басы-тын. Бір күні ауылдағы почташы қарт аудан жақтан атын борбайлатып, даусын шығарып айғайлап келе жатты. Ауыл адамдарының бәрі дүрлігіп, үйлерінен далаға жүгірісіп шықты. Ол ауылға таянғанда атының басын Нұржекеңнің үйіне қарай бұрды. Нұржекең барқыт шапанын иығына жамылып, есік алдына шығып тұрған болатын. Оны көргенде:

— Ойпыр-ай, не болып қалды екен, мынашың суыт жүрісін-ай!— деп қобалжи бастады.

Почташы Нұржекеңнің жанына тақай бере атынан аударылып түсті де:

— Шүйінші, шүйінші!— деді дауысы көтеріңкі шығып.

— Ойпыр-ай, Қазыбегімнен бір хабар білдің бе, айтсаңшы тезірек. Мә, шүйіншіңе,— деп үстіндегі шапанын шешіп, ұсына берді.

— Білдім, Қазыбегің жай ғана хабар-ошарсыз жоғалып кетпеген көрінеді. Ол асқан ерлік жасап, қасиетті жері мен елі үшін жанын пида етіпті. Сол үшін «Ұлы Отан соғысының батыры» деген атақ беріліпті.

Нұржекең мен почташы қарт құрдас еді. Сондықтан ол әзілдеп тұр ма деп сеніңкіремей:

— Оны сен қайдан біле қойдың,— деп қазбалай сұрай бастады.

— Жаңа ауданға облыстан соғыс комиссариатының бір адамы келіпті. Аупартком сені ауданға алдырмақшы. Сонда толық еститін шығарсың,— дей бергенде аудан жақтағы қара жол бойынан машинаның шаңы көрінді.

— Міне, мынау дәл саған келе жатқан болу керек,— деді почташы.

Айтқанындай-ақ бұл Нұржекеңе арнайы келген машина болып шықты. Сонымен ауданға барып Қазыбектің наградталғаны туралы қағазын алып, кешкісін ауылға оралды.

— Біздер біліп айттық емес пе, Қазыбектің хабарсыз мүлдем жоғалып кетуі мүмкін емес және оның жауына оңай берілмейтін өжеттігіне де сендік қой,— деп ауыл адамдары Нұржекеңнің қуанышына ортақтасып той үстінде өз ойларын айтып жатты.

— Менің осы уақытқа шейін ойлап келгенім көзім тірісінде бір хабарын естіп білу еді, міне бүгін сол тілегім орындалып отыр. Арыстай ұлымның Отаны үшін

аялбай ерлік жасағанына ризамын. Баламды бекер өсір-
меппін. Енді өлсем де армашым жоқ,— деп талай жыл-
дар тұнжыр жүрген қатулы қабағы жазылып, нығынан
ауыр бір жүкті алып тастағандай тұла бойы сергіп сала
берді.

— Қандай ерлік жасағандарын айтаңдаршы, біле
отырайық,— деді тойға жиналғандар жан-жақтан жа-
мырай сөйлеп.

Орыс тілінде жазылған награда қағазын ауылдағы
бір мұғалім оқып шықты да қазақшалап айтып берді.
Қазыбектің ерлік жолдары мынандай екен.

Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың апрель айынан қа-
тысқан аға сержант Қазыбек Нұржанов 61-ші истре-
бельдік дивизионның бесінші атқыштар дивизиясында
барлаушылардың взвод командирі болады. Волга бо-
йындағы, Орел түбіндегі шайқастарға қатысып, Зуш,
Десна, Сож, Днепр, Друть, Березина өзендерін жаудан
азат етіседі. Майданда жүріп Коммунистік партия қа-
тарына өтеді.

Золотарев түбіндегі болған шайқаста танкіге қарсы
жұмсалатын қарудан оқ атып, өзі бір танкіні, ал оның
бөлімшесі жаудың үш машинасын жағып жібереді.

«Первомайский» совхозының төңірегінде Қазыбек-
тің взводы гитлершіл басқыншылардың тылына кіріп,
жаудың артқа шегінер жолын кесіп тастайды. Түнде
болған атыста Қазыбектің өзі сегіз фашисті өлтіреді де,
взводындағы жауынгерлермен 97 сүмелек жау солда-
тын капитанымен қолға тірідей түсіреді.

Волковыск қаласын алуда Нұржанов қанаттарда
қимыл әрекеттерін жасайтын топты бастайды. Олардың
батыл қимылдары жаудың бей-берекетін кетіріп, оқ-дә-
рілері мен қару-жарақтарын, әскери техникаларын тас-
тап алды-артына қаратпай, бытырата қашырады. Ер-
жүрек Қазыбек жаяу әскерді соңынан ерте Волковыск
қаласына бірінші болып кіреді. Қаланың шет жағында
ол қатты жараланады.

Ерлікпен қаза тапқан Қазыбек Нұржановқа 1945 жылғы 24 мартта Совет Одағының Батыры атағы беріліпті.

Нұржекең терең ойға беріліп, баласының жасаған ерлік жолдарын өзінше жоритын. Барлаушының қандай болатыны жайлы ол кісінің де естігені бар.

«Первомайский» совхозын аларда өзі сегіз фашисті, ал взводындағы жауынгерлер 97 сүмелек жау солдатын капитанымен қолға түсірген...

«Иә, бұл кез келген адамның қолынан келе қоймайды»,— деп түйді ол ішінен.

Ұлының мұндай батылдығына риза болған Нұржекең жүрегі жылып сала берді. Ет-бауыры елжіреп, өзінен туған баласының бейнесін сүйсіне көз алдына елестете бастады.

Жау бекініп алған елді мекенді өліспей беріспейді. Өйткені олар да адам ғой. Кім қолындағы нәрсесін біреуге оңайлықпен бере қойсын.

Тастай қараңғы түн. Қазыбек взводындағы жолдастарымен жайлап басып совхоз шетіне келді. Совхоз үйлерін айнала әр тұсқа жау сақшылары қойылған. Олар төрт жерде. Әуелі, үн-түнсіз, дыбыс шығармай жасырынып барып, солардың көздерін жою керек. Бұл үшін Қазыбек қарауындағы 20 адамын бес-бестен төртке бөлді. Фашистердің күзетшілерін жамсатып салған соң, олар жау солдаттары бекінген үйге келеді. Біреуі оянып кетіп, біздің жауынгерлердің өздерін қоршап алғанын біледі. Жалма-жан терезеден оқ атты. Осы сәт шыртыққыда жатқан басқа жау солдаттары да орындарынан ұшып-ұшып түрекелді. Сырттан:

— Оқ атпай беріліңдер! Бәрібір құтыла алмайсыңдар!— деп үн қатты Қазыбек.

Жау солдаттары атысқанмен еш айла таба алмайтындарын біліп, біртіндеп үйден шыға бастады.

«Жау да пәле ғой. Бірақ та біздің әскерлердің айла-

тәсілі асып, күші басым болған соң берілмей қайтсін!»— деп өз ойын нықтай түсті Нұржекең.

Сөйтті де жорамалын әрі жалғады.

«Волга, Днепр және тағы да көптеген өзендердің аттары аталыпты. Солардың бойындағы шайқастарға қатысқан делінген. Жастай Тоқырауын өзеніне шомылып, суға дене үйреткенін біліп, әдсіі сол өзендерінің бойындағы шайқастарға жіберген ғой. Өйткені жүзе білмейтіндер суға кетіп қалуы мүмкін емес пе. Командирлері сол жағын да ескерген шығар.

Әнесу күні ауылға әкеліп қойған бір кинода біздің әскерлер Днепр өзенінің арғы жағасына өтпекші болғандарында қаншасы оққа ұшты. Бірақ та көпшілігі қайыққа мініп, малтып арғы жағаға шықты. Сөйтіп жау бекінісіне тұтқиылдан соққы берді. Ал фашистер қару-жарақтарын тастай тырым-тырағай қорқау қасқырша қашты. Сол ержүрек жауынгерлердің ішінде менің Қазыбегім де болған шығар... Сөзсіз болды... Оның болмауы мүмкін емес... Қағазда да солай деп көрсетілген ғой...»

Нұржекең қатулана түседі. Тәтті қиялға елти беріліп, өз сезімімен әлек болып отыр.

Ал тағы бір қалаға Қазыбегім бірінші кірген. Командир солай болу керек. Сенің батылдығыңды, тапқырлығыңды, ержүректігіңді көрген басқа жандар бойын әуелгіде қорқыныш сезімі билегенмен, бара-бара қаһарына мінеді.

Жаңағы Волковыск қаласын аларда жау бірден беріле қоймаған. Бұларды тіпті қалаға маңайлатпай оқ боратқан. Қазыбектер олардың бетін қайтарып, қалаға кіргенде кері шегінген жау оқ атумен болады. Оқтың бірі Қазыбекке келіп тиген. Ол құлады. Қарулас жолдастары ол үшін кек алып, жауды қаладан әріге қуып жіберді.

Қос жанардан тамшылап отырған жасын енді аңғарған Нұржан ақсақал бір сәт селт ете қалды. Қалтасынан бет орамалын алып:

— Мен рас жылап отыр екенмін гой. Сонша неге босаймын. Балам өлгенмен аты өшпеді. От басы, ошақ қасында отырып емес, туған елің, қасиетті жерін жаудан қорғап, ерлікпен қаза болды. Қазыбектің бұл батылдығы көп ұрпаққа үлгі тұтарлық емес пе,— деп өз-өзіне басу айтып, босаған көңілін жұбатып, сергіп сала берді.

Қазыбектің осындай ерлік хабарын естіп барып бірекі жылдан соң Нұржан ақсақал дүние салды.

Қазіргі Ақтоғайда тұратын Қазыбектің өзімен тете інісі Манарбек ағасымен бірге өткен жас кезіндегі кейбір жайларды былайша еске түсіреді.

«Біздің үйді көршілеріміз ұйымшыл семья» деп атайтын. Айтса айтқандай еді. Бір үйде алты бала болдық. Ересектеріміз Қален, Нұржамал деген апайлар да олардан кейінгі Қазыбек ағай еді. Қалғандарымыздың тағдырымыз осылардың қолында болатын. Олай дейтінім әкей мен шешей күн ұзақ колхоз жұмысында жүретінде, біздерге бас-көз боп қарайтын осы үшеуі еді.

Бала болсақ та әлі күнге шейін есімде. Әкей көбіне шаруа жайы жөнінде Қазыбек ағайды естияр адамға санап кеңесіп отыратын.

Бір күні дастархан үстінде Қазыбек ағай мұғалімдік оқуға аттанатынын айтты. Әкей кішкене үнсіз отырып:

— Балам, оқысаң оқы. Қазіргі қолғабыстығыңды қимағанмен болмас,— деп өз байлауын айтты.

Қанша баласынсақ та Қазыбек ағайдың қысылғанда әкейге үлкен сүйеніш екенін осы жерде бір аңғардық.

Арада бірер жыл өткен соң көптеген қиындықты бастан өткере жүріп ағай мұғалімдік дипломмен үйге оралды да, өзіміздің ауылдағы мектепке орналасты.

Бір күні түскі тамаққа көңілді келді. Езуінде күлкі, есіктен кіре:

— Апа, мынау менің алғашқы айлық — жалақым. Қант-шайыңызға жұмсаңыз, балаларға киім-кешек алып беріңіз,— деп бізді нұсқады.

— Кісі болғаныңнан айналдым,— деп шешеміз Қазыбекті бетінен сүйіп, мәре-сәре болып қалды.

Сол күні біздің үй ағайдың алғашқы еңбегін қызықтап, көршілерді шақырып, қуаныш дастарханын жайды.

Қазыбек аға жолдас тарта білетін, көпшіл еді. Бұл мінезі оқу бітіріп келгеннен кейінгі жерде, тіпті етек алып кетті. Жастарға етене үйлердің біріне айналдық. Осындай жаңадан ғана жастық жалыны өркен жая бастаған кезінде міндетті әскер қатарына шақырылды.

Әлі есімде бұл 1939 жылдың октябрь айы болатын. Онда мен Ақтоғай селосындағы Горький атындағы мектептің алтыншы класында оқитынмын. Ағайды шығарып салуға ауылдан әкей де келіпті. Нақ жүрерінде мені бауырына қысып, маңдайымнан иіскеді де:

— Енді біздің үйдегі азамат сенсің. Оқуыңды жақсы оқы, әрқашан да үлкенді сыйлап жүр, әке-шешене сүйеніш бол. Ал, мен ел тыныштығын қорғауға аттанып бара жатырмын. Отан тапсырмасын орындайтын боламын,— деді де қоштасып, жүріп кетті.

Содан қайтып асыл ағаны көргенім жоқ».

Ал, Қазыбекпен бірінші кластан бастап, педагогтік училищені бітіргенше бірге оқыған, майданға аттанғанға шейін қатар жүріп, серуен құрған жолдастарының бірі:— қазіргі «Қуаныш» бөлімшесіндегі сегіз жылдық мектептің мұғалімі Әсет Жакыпов Батыр жайлы қызықты деректерді жолыққанымызда біздерге айтып берді.

* * *

Қазыбек жасында батылдық көрсетпеген. Ал ойына алғанын табанды орындауға тырысатын.

Біздің ауылдың маңындағы Тоқырауын өзені онша терең емес, бірақ кейбір жерлері тұңғиық болып келеді. Ол жерін ел — Қарасу деп атайды. Біздер сол терең жерге жаздың күндері шомылатынбыз. Ал Қазыбек жүзе алмағандықтан, балалардың мазақтайтынын біліп,

оларға ермей үйінде қалатын. Бірақ құрбыларының әзіл-күлкісінен сонда да құтылмаушы еді.

— Қорқақ, қорқақ. Үйінен шықпас,— деп кекетіп мазақтап жүретін.

Ол қабағын түйіп, балаларға қатулана қарайтын. Көзінен ұшқын атып, үн-түңсіз теріс айналып кететін.

«Жоғары жартастың» тұсында үлкен қарасу барды. Оған балалар түгіл үлкендер де шомылмайтын. Өйткені, түбі терең, түрі каракөк кісі қорқатын еді.

Үлкендер:

— Бұл қарасуға түспеңдер. Ертеде өгіз батып өлген. Сендерді де түбіне тартып әкетеді,— деп жиі-жиі ескертетін. Сондықтан біздер шомылуға бармай қашақтап жүретінбіз.

Бірде топ бала сиыр жүнінен жасап алған доппен қалғалда ойнап жүр едік, Қазыбек біздің қасымызға келіп:

— Балалар, жүріңдер, суға шомылып келейік,— деп өтініш білдірді.

— Сен қашаннан бері суға шомылғыш болдың?

— Суға батып кетсең ата-анаңа не дейміз?

— «Әлін білмес әлек». Өз шамаңды білсеңші,— деп балалар жан-жақтан жамырап, оны келемеж қылды.

— Әр сөзге жалтарғанша суға жүріңдер,— деп тағдыр да жайлап үн қатты Қазыбек.

— Балалар, барсақ барайық. Бұның да бір тілегі орындайық,— дедім мен.

Балалар бұл ұсынысыма көне кетті. Бәріміз өзен беттедік.

— Күнде шомылып жүрген жерлерің емес, «Жоғары жартас» тұсындағы қарасуға барып суға түсеміз,— деді Қазыбек.

— Сен не, өлейін деп жүрмісің,— деді балалардың бірі үрейлі үнмен.

Басқалары да ойланып, бір орында тұра қалды.

— Онда түсуге болмайды деп жүр емес пе үлкен адамдар,— деп күмілжіді екінші бала.

— Мен емес сендер нағыз қорқақсыңдар. Зәрселерің ұшып, дірілдеп тұрсыңдар ғой,— деп жымыды Қазыбек.

— Жүзу білетін адамға сол да сөз бе екен. Кеттік. Жүзе білмейтін Қазыбек киімімізді күзетсін,— деді үшінші бала.

Бәріміз қалың өрімтал мен қоға қоршаған қарасудың жағасынан ашықтау келген құмдауық жерді тауып алдық. Бірақ бір-бірімізге қарап, ешқайсымыз шешіп-бедік. Бәрімізді қорқыныш сезімі билеп тұр. Суға көз тастасақ түрі қап-қара. Түбі көріпбсйді.

— Неге шешінбейсіңдер,— деді Қазыбек біздерге бұрылып. Қорқып тұрсыңдар ғой, ә!

— Қорықпасаң өзің түсіп көр,— деді балалардың бірі.

— Несі бар түссем түсемін. Қарандар да тұрыңдар,— деді де шешіне бастады.

Биіктеу жарқабаққа барып суға күмп беріп сүңгіп кетті. Одан мұндай «ерлікті» күтпеген біздер үрпиісіп қалдық.

— Суға кететін болды-ау!— дедім мен қасымдағыларға зәрем ұшып.

— Біз зорлап түсіргеніміз жоқ. Өзі бізді ертіп алып келді емес пе? Кетсе өзінен көрсін,— деді бағанағы алғашқы сөйлеген бала.

Біздер осыларды айтып оны аяп тұрғанда, Қазыбек жүзіп арғы жағаға шықты да, біздерге қолын бұлғады. Сөйтіп, суға қайта сүңгіді.

— Мынауың жүзуді қайдан үйреніп жүр, ей?!— деп таңданды балалар.

— Жарайсың! Біздерді қатырдың-ау!— дедім мен қуанғанымнан жағаға шыққан Қазыбектің қасына барып.

Мұның бұл қылығына балалардың барлығы қайран қалды. Сөйтті де бәрі шешініп суға бір-бір сүңгіп шықты.

Кейін маған Қазыбектің өзі бар шындығын айтып берді.

Балалар «жүзе білмейтін, судан қорқатын қоянжүрек» деп мазақтай берген соң, ол қайткен күнде де жүзуді үйренуге белін бекем буыпты. Біздерден жасырынып, суға жүзуді үйрене бастайды. Бұл үшін ұзындығы метрге жуық, жалпақ тақтай алып, әлгі біздерді алып барған қарасуға күнде келеді екен. Тақтайдың екі шетінен екі қолымен ұстап, аяғын шолпылдатып екі жағаға алма-кезек шығып жүріпті. Қарасудың дәл ортасына барғанда тақтайдан қолын босатып шамалы жүзетін көрінеді. Егер қолы талып, суға тұншығып бара жатса тақтайдан ұстап жағаға шығады. Осындай жаттығуды сан дүркін жасаған соң барып, жүзуді жақсы үйреніп алыпты.

Қазыбектің бұл қылығын ұнатқан балалар бұдан былай мазақтап, шеттетпейтін болды.

* * *

Балалар қармақ сап, балық аулауды да жақсы көретін. Тоқырауын өзенінде ақ қайраң, ит балық, ақ балық, алабұға, майшабақ сияқты балықтар бар. Әсіресе алабұға мен ақбалық қармаққа жақсы қабады.

Түс кезінде суға түсіп жүрген балалардың ішінен кішкентай Асанның аяғы тал түбіндегі үңгірге кіріп кеткені. Сол-ақ екен, ол: «Ойбай, аяғымды жылан шақты!»— деп айғай салды. Бәріміз баланы жағаға алып шығып аяғын қарасақ, үлкен бақайында қызыл сызықтың ізі тұр.

— Сенің аяғыңды ағаш жырып кеткен ғой,— деді ортамыздағы ересектеу келген бала.

— Мен өтірік айтты деймісің. Бірдеме аяғыма оратылып, тістеп алғандай болды. Жылан екен деп қалдым.

— Бұл маңда жылан жоғын білмеуші ме едің?

— Ал енді не тістегені?..

Біздер өстіп дабырласып тұрғанда қойын суға құлап-қан шопан қарт қасымызға келіп, мән-жайды сұрады. Болған оқиғаны айтып едік, ол кісі күлді.

— Әй, балалар-ай, сендердің әлі білмейтіңдерің көп-ау. Аяғын балық тістеген.

— Ата, балық қалай тістейді?

— Біздер суға шомылғанымызда үркіп кетпей ме?— деп жатырмыз біздер бірімізден соң біріміз.

— Үріккенмен індеріне тығылады. Міне мына шок талдың түбінде балық іні болғаны. Сол іннің аузына аяғыңды тығып алғансың. Үйір-үйір болып тұрған балықтардың үстіне аяғың тиген. Олар жан-жаққа үркіп қашқанда саған жылап оратылып жатқандай сезілген. Ал бақайыңды бірі тістеп алуы да, немесе алабұғаның тікені жыртып кетуі де ықтимал.

Сәл үнсіздіктен кейін:

— Біздер жасымызда сол іннен қолымызбен балық ұстайтынбыз,— деп атын тебініп, өріп бара жатқан қойына қарай желіп кетті.

— Балалар, біз де қолмен балық ұстап көрейік,— деп өтініш білдірдім.

— Қолымызды тістеп алса қайтеміз,— деді ұзындау келген сары бала.

— Ия, қорқынышты,— деді қасында тұрғаны.

Мұнан кейін ешкім ештеңе демеді. Кішкенедең соң:

— Несі бар, қолмен ұстасак ұстап көрейік. Бармақты тістеп алатын азулы шортан емес қой,— деп Қазыбек қана мені қолдады.

Осы шешімге бәрі бекіді. Лайланған судың тұнуын күттік. Ұсынысты айтып салған соң бірінші болып судағы інге мен қолымды тықтым. Әр жақтан бірдеме жыбыр етіп еді, «ой» деп селік ете түстім де, қолымды тез суырып алдым.

— Қалай екен, ә?— деп жағада тұрған балалар жамырай күле бастады.

Оларға ерегесіп інге қолымды тағы тығайын дегенмен батылым бармады.

— Кәне, мен көрейін,— деп Қазыбек інге тақады. Жайлап қолын жүгіртті.

Бәріміз үн-түнсіз соның қимылына қарап қапшыз.

— Ehe-e!— деп қалып еді, балалар оған да күлді.

Сол-ақ екен лезде үнсіздік орнай қалды.

Қазыбек екі қолымен желбезегінен ұстап білектей ақ балықты жағаға алып шықты.

— Ой, өзінің үлкенін-ай!

— Салмағы да әжептеуір шығар!

— Қалай көтеріп алып шықтың-ей—деп балалар Қазыбекке сұрақтарды жаудырып жатыр.

Сол күні осындай бес-алты балықты іннен алып шықты.

Бойымыздан аспайтын судан балық іні кездесе шешініп тастап, інге қол жүгіртіп ақ балықтарды ұстап жүрдік.

Қазіргі кезде де біздің ауылдағы балалар Тоқырауын өзенінен қолмен балық ұстайды. Соларды көргенде Қазыбек ойыма түседі.

* * *

Ол кезде бой жеткен қыз-жігіттердің бүгіндегідей той жасап ұзатылатындары сирек болатын. Егер жағдайларын ашып айтса, ата-аналары өз қолдарынан ұзататын. Көбіне мұны жасамайтын. Үн-түнсіз кетіп қалатынды жақсы көретін. Ондайларын естіген әке-шешелері әуелінде:

— Көрмейміз! Қарасын өшірсін!— деп қатуланғандарымен, арада біраз күн өткен соң, сабаларына түсетін.

Қыздарымен жылап көрісетін. Жас жұбайларға бақыт тілеп, бөлек отау тігіп шығаратын.

Бір күні ертеңгісін:

— Масқара болдық. Әлгі біздің үйдегі Әсемкүл күйеуге қашып кетіпті. Жәшіктегі бар киімін өзімен бірге әкетіпті,— деп көрші әйел еңтігіп біздің үйге келді.

Менің әжем аңқау, әрі бетке тура айтатын.

— Кетсе жолы болсын! Бой жетті емес пе! Таң атнай айғайлағанша қызыңның бақытын тілесенші,— деді.

— Өз қызың сөйтіп кетсе мұны айтпас едің,— деп көрші әйел ренжіп қалды.— Көрші ауылда көрінеді. Балаң барып үйге қайт десін. Ел-жұрттан ұят емес пе. Қашып кетті деген не сұмдық. Қолымнан ұзатайын.

— Баламды жібере алмаймын. Олар бұны тіліп ала да қоймас. Бір кеткен екен, енді оралтпай-ақ қой. Кейін келе жатар өздері,— деп әжем басу айтты.

Бірақ Әсемкүлдің анасы өз бетінен қайтпады.

— Онда жылқышы Жұмағұлды жұмсайын. Ол скеуін де өңгеріп алып келсін!— деді.

Жұмағұл ұрда-жық мінезді жігіт-тін. Не істемесін кара күшке салатын. Бұл мінезін біздер де жақсы білетінбіз. Сан шырылдатқаны бар.

— Әже, мен Қазыбекті ертіп барып келейін,— дедім Жұмағұлдың барғанын жақтырмай.

Бұл сөзімді әжем ұнатпады ғой деймін, қабағы түйіле қалды. Біраз үндемей тұрды да:

— Барсаңдар барыңдар. Бірақ кешікпендер,— деді маған ескерте сөйлеп.

Қазыбек екеуміз атқа мінгесіп, көрші ауылға тарттық. Қазыбек жол бойы:

— Оларға үлкендердің ескертуін жасырмай айтайық. Бірақ ауылға қайтармайық,— деумен болды маған.

— Әжелерімізге не дейміз. Өтірік айтқанымыз дұрыс болмайды ғой,— дедім.

— Әрине, өтірік айтуға болмайды. Бірақ Әсемкүлдікі ерлік қой. Өзі ұнатқан адаммен қол ұстасып еріп кетуі өте орынды сияқты. Мұндай шешімге кез келген жігіт те бара бермейді. Ал, оның орнында сен болсаң қайтер едің?

— Мен бе, мен...

Мұндай тосын сұрақ күтпегендіктен бе, сәл күмілжіп қалдым.

— Көрдің бе, бірден шешіп айтпадың. Ал Әсемкүл жалтақтамады,— деді де үндемей қалды.

Сонан соң:

— Сондай, бір бетті адамдарды ұнатамын,— деп сөзін түйді.

Біздер көрші ауылға келсек, Әсемкүлдер сонда екен. Әуелгіде олар абыржып қалды. Артынан тек біздердің ғана келгенімізді білді де, көңілдері жай тапты.

— Сендер біздерді көрмедік, олар кетіп қалыпты деңдер,— деп өтініш білдірді Әсемкүл.

— Солай болса, солай болсын. Бізге бәрібір. Тек сіздерге қолайлысын айтыңыздар,— деді Қазыбек.

— Қолайлысы осы. Сендер ауылдарыңа жеткенше біздер де бұл жерден кетіп үлгереміз,— деді күйеу жігіт.

Шешім осы болды. Ата-аналарымызға келіскендегідей сөзді айтып біздер де ауылымызға оралдық.

* * *

Қазыбек екеуміз училищеден ауылға каникулға келгенімізде мылтық алып аңға, құсқа шығып жүрдік. Үйрек атып, түлкі, қоян соққан кезіміз де болды. Тіпті бірде қасқыр да ұстағанбыз.

Ауылымызда Ысқақ дейтін кісі бар-тын. Ол аң аулап, құс атқанды жақсы көруші еді. Одан көп ешкім арқар мен елік атып, қасқыр соққан жоқ.

Күзгі демалыс күнінің бірі болатын.

— Сендердің қолдарың бүгін бос қой. «Жыланды» тауының тұсындағы қасқыр тартып өлтірген өлексенің жанына кеше қақпан құрған едім. Соған бірге жүріңдер,— дегені.

Бұл ұсынысты біздер бірден қоштадық. Бірақ:

— Өлексенің маңына адам келіп кеткенін қасқыр сезіп қоймай ма?— деп сұрадық.

— Сезбейді. Өйткені ізімнің жымын білдірмей кеттім. Қасқыр ашқарак келеді. Ана өлексенің етін жеп тауысқанша сол маңнан ұзап кете алмайды. Айналасына тап келе береді,— деді сеніммен.

Ысқақ айтқан жер қарағаны қалың жарқабақты екен. Өліп жатқан тайышшаның қабырғалары ырсиып-ырсиып қалыпты. Қасынан қазылған кішкене шұңқыр, шашылған топырақ көрінеді.

— Қап,— деді Ысқақ өкінішті түрде,— қақпанды алып кетіпті ғой. Кеше қазығын мықтап қаққан сияқты едім. Бәрібір аяғындағы қақпанмен ұзай алмайды. Кәне, ізін бағдарлайық.

Ысқақ астындағы атын бұзау тіс қамшымен салып жіберді де, өзі біздің алдымызға түсті.

Қасқырдың ізін тез тауып алдық. Аяғындағы қақпан сүйретіліп жерді тырнап отырыпты. Сол сүрлеу бізді қалың өрімтал өскен Тоқырауын өзеніне түсірді. Биіктеу келген жарқабаққа тірелгенімізде, төменнен көкжалды көзіміз шалды.

— Аяғындағы қақпан талға оратылып ұзай алмапты ғой. Аттан түсіңдер. Мына талға байлап, қасқырды шоқпармен соғып алайық,— деп Ысқақ тақымындағы ұзындығы екі метрдей қос жұдырықтың үлкендігіндей басы имектеу келген қайың шоқпарын қолына алды.

Иығындағы шиті мылтығын оқтап маған берді.

Біздерді көріп қасқыр ырылдап қоя берді. Қашқысы кеп олай жұлқынды, бұлай жұлқынды. Бірақ арқаны қазыққа оратылып қалған ат сияқты қыбыр ете алмады.

Ысқақ жанына тақай бере, күлаштап қақ маңдайдан қатарынан екі-үш рет салып жіберді. Қасқыр ыңырсиды да, басын жерге түсіріп жата кетті.

— Өлді ғой деймін,— деп Қазыбек оның қасына таянғанда, көкжал басын жерден қайта көтеріп, тістерін ақситып айбат шекті.

— Былай кет, әлі өлмепті! — деді Ысқақ!..

Осы бір оқиға себеп болды ма, Қазыбек кейіндері аң аулаудың айла-тәсілдерін тез үйреніп, біліп алды. Ол көздеген нәрсесіне бірден тигізетін мерген де еді.

* * *

Әскершің бұл айтқандарын 1968 жылы «Қазақстаннан шыққан «Совет Одағының Батырлары» дейтін екі томдық кітапта Қазыбек туралы жазылған фактілер растай түседі. Онда:

«Қырда өскен аңшы жігіт Қазыбек Нұржанов аңдарды қолға түсіруді жақсы білген. Осындай қасиеттер оның қиын да, қауіпті барлаушылық өнерді бірден меңгеріп әкетуіне көп септігін тигізді»,— деп жазылған.

Семьядағы тәрбие, өскен орта бала күнінен бастап Қазыбектің бойына тұрақтылықты, табандылықты, бірбеттілікті, батылдықты сіңірген. Осындай игі қасиеттер ол ер жетіп, есейгенде ерлікке бастады. Бұған Ұлы Отан соғысы кезіндегі жоғарыда келтірілген Қазыбектің өшпес ерлігі дәлел бола алады.

«Ер есімі — ел есінде» демекші, Ақтоғай ауданының орталығындағы бір көше, Ұлы Отан соғысы басталар алдында өзі мұғалім болған қазіргі «Қоңырат» совхозындағы мектеп Қазыбек Нұржановтың атында.

Бұл туған елінің ер жүрек ұлына деген зор махаббат, сүйіспеншілігі екені сөзсіз. Батыр атындағы мектепте екінші інісі—Өзбек ағасының жолын қуып, мұғалімдік қызмет атқарып жүр.

Өз ауылында алғашқы мұғалімдердің бірі болған, жас жеткіншектерді оқытқан, Ұлы Отан соғысы кезінде асқан ерлік көрсетіп, тарихта атын мәңгі жазып қалдырған Совет Одағының Батыры Қазыбек Нұржановтың өмірі мен ерлік жолы көбімізге үлгі, өнеге,— деп өз әңгімесін аяқтады біздің серігіміз.

